



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ

# ШАБЫТ

айлық журналы  
ежемесячный журнал  
№4 (4) 20.03.2014

Қазатты  
цлы той



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!!!



Биыл қазақ өнерінің майталмандары - қазақ поэзиясының шолпан жұлдыздарының бірі әрі бірегейі Мағжан Жұмабаевтың 120 жылдық, театр және кино өнерінің саңлақтары Қапан Бадыровтың 110 жылдық, Сәбира Майқанова мен Шәкен Аймановтың 100 жылдық мерейтойлары. Бұл біз үшін өте маңызды әрі салмақты жәйт. Аталмыш тұлғалар бастарынан өткен қиын-қыстау сәттерге мойымастан, өнер жолында өзіндік орындарын қалыптастырып, келешек ұрпаққа мирас етіп қалдырды. Бүгінде сол дарындылардың шығармашылығымен сусындап, жанымызға рухани азық жинап жүрген жайымыз бар. Журналдың кезекті санын мерейтой иелеріне арнап отырмыз.

Сондай-ақ, халқымыздың ежелден желісі үзілмей жеткен көне салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын дөріптейтін, рухани, мәдени және адамгершілік дүниеміздегі қымбат қазыналарымыздың бірі, қазақ елінің төл мерекесі Наурыз мейрамының келіп жетуі. Жер-дүниені жаңартып, көктемді ерте келетін Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз мерекесі құтты болсын ағайын! Жүректен шыққан шынайы лебіздерді өздеріңізбен бірге бөлісеміз.

Құрметпен, журналдың бас редакторы  
Гүлім Көпбайқызы

#### Ағалар алқасы:

Мұсаходжаева А.К. - ҚР халық артисі, профессор  
Дүйсекеев К.Д. - ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері  
Мейрамов Т.У. - ҚР халық артисі, профессор  
Мұканова Р.Қ. – ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері  
Нәгербек Б.Р. - ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор  
Сығай Ә.Т. - ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор  
Юсупова А.К. - өнертану кандидаты

#### Редакция мүшелері:

Бас редактор: Гүлім Көпбайқызы  
Жауапты хатшы: Мерлан Рымжан  
Тілшілер: Қуат Ежембек  
Балжан Бекмағамбет  
Мирас Әбіл  
Александра Поршнева  
Камила Габдрашитова  
Евгений Лумпов  
Дизайнер: Ахат Азтай  
Фототілші: Досжан Аяған

#### Редакцияның мекен жайы:

Байланыс телефоны: +77756282848, +77751393919

Редакциялық басылым бөлімі

Мекен жайымыз: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 50, 2 кабат №237

E-mail: shabyt\_zhurnal@mail.ru





## МАЗМҰНЫ

Жүрек жарды лебіздер...

4-5 бет



Мәдени жаңалықтар

6-7 бет



Тұғырлы тұлғалар

8-9-10 бет



Қиял көкжиегі

11 бет



Талантты тану

Гүлназ Салбілекова

12 бет



Өлең өрнегі

Қуат Ежембек

13 бет



Әдеби әлем

Жанат Жайлыбай

14 бет



Білім - өмір бұлағы

Нүргүл Абдуллаева

15 бет



Мирас Әбіл

Нүркен - Гамлет

16-17 бет



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ЖҮРЕК ЖАРДЫ ЛЕБІЗДЕР...

4



*Кенес Дүйсекеев, Композитор, ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор*

Наурыз тойы қазақ халқы үшін ең үлкен тойлардың бірі. Себебі, осы наурыз айында жаңа жыл басталады. Жер жанарады, көктем келеді. Осы себептен де мұсылмандар жылдың басын осы наурыз айына қойса керек. Көктемнің шуақты мерекесінде халқымызға амандық тілейміз. Қазақта ешқандай тілге аударылмайтын «ауызбіршілік» деген ұлы сөз бар. Елімізде осы ауызбіршілік мәңгілік болсын. Игі дәстүрді жалғастырсақ, еліміз әлі талай биіктерді бағындырады. Елбасымыз «қазақ елі», «мәңгілік ел» деген түсініктерді енгізіп жатыр. Осының бәрі менің ойымша өте терең ұғымдар. Өйткені ғасырлар бойы ата бабаларымыз осыны аңсады ғой. Мәңгі өмірі өшпейтін қазақ елі болайық! Талай қуаныштарға жетейік! Еліме бақыт, кемел келешек тілеймін! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!



*Маржан Жәкенова, «Астана Опера» әдеби-музыкалық  
департаментінің директоры*

Құрметті «Шабыт» журналының ұжымы, өнердегі әріптестер!  
Сіздерді Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз! Көктемгі күндер Сіздерге денсаулық, табыс, қуаныш алып келсін! Ойға алған барлық арман-мұраттарыңыз орындалып, үміттеріңіз ақталсын! Жерімізге құт-береке, елімізге - бірлік, татулық, ізгілік тілейміз! Ұлыс оң болып, ақ мол болсын, әрбір күніміз Наурыз күніндей шуақты болсын!



*Сұлтан Сраилов, Қ. Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ  
музыкалық драма театрының директоры*



Ғәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуымен бірге Наурыз мейрамы барлық қазақстандықтар үшін жалпы халықтық сүйікті мерекеге айналды. Көктемнің осы бір шағында табиғат қана түлеп қоймай, қоғамның ынтымағы мен бірлігін, бейбітшілігі мен түсіністігін нығайтатын адам даласының да жан-дүниесі жаңғыра түседі. Наурыз - бұл тек көктемнің ғана емес, бұл ең әуелі ізгілік пен жақсылықтың мейрамы. Халқымыз мол дастарқанын жайып, ақ жарқын көңілмен жүздесіп, дәм татысып, өткен-кеткеннен сыр тартып, барша адам баласына жақсылық, аманшылық тілеп, жастарға ақ баталарын берген.

Қазақстандағы жүздеген ұлт пен ұлыстардың өкілдері бір-бірімен тату-тәтті, берекелі өмір сүріп жатыр. Өз Наурыздың адам баласын ізгілік пен сыйластыққа, ынтымаққа тәрбиелейтін тереңнен тартар ежелгі қасиетін біз барлық азаматтарымыздың бойына дарытуға, оны өз өміріміздің салтына айналдыруға міндеттіміз.

Театр ұжымының атынан бәріңізді көктемнің жарқын мерекесі Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Наурыз күні ойға алған барлық арман-мұраттарыңыз орындалып, үміттеріңіз ақталуға жазсын!



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ЖҮРЕК ЖАРДЫ ЛЕБІЗДЕР... 5

Әлібек Асқаров, жазушы, Қазақстан Республикасының ұлттық академиялық кітапханасының бас директоры  
Құрметті қазақ елі!



Барша шығармашыл қауымды мына келіп жатқан Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз. Наурыз деген бұл қазақтың ең ұлы мейрамы, ұлыстың ұлы мейрамы. Күн мен түн теңеледі. Қыс деген мезгіл қазақ сахарасы үшін, қазақ даласы үшін ауыр болған ғой. Сонда жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзіліп, көктемге ілінген кезде үлкен бір үмітпенен Наурызды қуанышпен қарсы алып жатқан. Сондықтан да біз үшін, шығармашыл қауым үшін де «Наурыз» сөзі шабыт беретін, көктем келін жүрек жылытатын жақсы кезең. Шығармашылық табыстар тілеймін! Журналдарыңыз шығармашыл азаматтарға арналғандықтан баршаларыңызға өнер жолында абырой тілейміз, үлкен бедел тілейміз. Амандық болсын қашан да. Береке бірлігімізге көз тимесін!



Айболат Сексенбаев, Астана қаласы әкімдігі  
«Жастар театрының» директоры



Құрметті «ШАБЫТ» журналының оқырмандары!

Баршанызды ұлыстың ұлы күні - Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Әз-Наурыз - жылдың басы, күн мен түннің теңелер шағы. Тамырын тереңнен тартқан осынау мейрам береке мен бірліктің, тазалық пен татулықтың тұғырын нығайтып, риясыз шаттық пен қуанышқа кенелтер ұлы мереке. Бұл айда табиғат қана түлеп қоймай, қоғамның ынтымағы мен бірлігін, бейбітшілігі мен түсіністігін нығайтатын, адам баласының да жан-дүниесі жаңғыра түсетін айтулы мереке. Наурыз - жыл бойы өткен-кеткен ренішті кедергісіз кешіріп, ән-күймен, ойын-сауықпен жанды жадыратып, сананы тілтетін Көңіл мерекесі. Көңіл ортаймасын ағайын!



Қадірменді оқырман!

Ақтың молаятын, жарықтың ұзаратын, жердің жасаратын, пейілдің түзелетін, көңілдің кеңейетін кезеңі Наурыз мейрамы құтты болсын! Бұл күн тіршіліктің дәстүрлік құндылықтар аясында бірігіп, игілікті жаңа бастауларға ниет білдірудің нышаны. Күннің алғашқы нұры әрбір шаңыраққа бақ-береке, өзара түсіністік пен болашаққа деген сенімділік әкелсін. Ақ мол, жыл ырысты болсын! Өнер жолында биік белестерді бағындырып, көңілдің көгінде, шабыттың шыңында жүре берейік, ағайын!

Ізгі ниетпен, «Шабыт» журналының ұжымы





ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ

# МӘДЕНИ ЖАҢАЛЫҚТАР

## Шәкен шығармашылығы студенттер көзімен...

Актер һәм режиссер, КСРО Халық артисі Шәкен Аймановтың 100 жылдық мерейтойына орай университет қабырғасында IV курс «кинотану» бөлімінің студенттерінің ұйымдастыруымен ұлы дарын иесінің шығармашылығын насихаттау апталығы өтті. Төрт күн бойына Айманов фильмдерінің көрсетілімі болашақ өнерпаздар назарына ұсынылды. Игі шараның соңы конференциямен ұласты. Бұл жиын тізгінін «кинотеледраматургия» бөлімінің II курс студенті Жанат Жайлыбай ұстады. Шәкен Аймановтың өмірі мен өнегелі өнері туралы жазылған қатысушылардың жұмыстарын қазылар алқасының мүшелері театртанушы Ж.Сердәліқызы, кинотанушы Н.Рахманқызы, кинотанушы Ж.Бекмолдақызы жіті қадағалады. Баяндамалардың негізгі бағыт-нысаны Шәкендей дара тұлғамыздың кино мен театр өнеріндегі өлшеусіз еңбектері мен өзіндік шығармашылық өшпес ізін жас ұрпақтың санасына сіңіру еді.

Студенттер еңбектерінің басым көпшілігі Аймановтың туған өлкесі мен оның режиссура әлеміндегі жарыққа шығарған киноларының тізімін жасап, не жайлы екендігін баяндаудан аса алмады. Оза шапқан жүйріктер де болды бірақ. Бірінші орынды «кинотану» бөлімінің III курс студенті А.Поршнева өз қанжығасына байлады. Оның жұмысы өзгелерге карағанда тыңғылықты екендігімен, Аймановтың өнерімен егжей-тегжейлі таныс екендігімен көпшілікке ұнады. Екінші орын «театртану» бөлімінің III курс студенті Қ.Ежембекке тиесілі болды. Қуат Шәкен Аймановтың театрдағы өлшеусіз еңбегін жұртшылыққа айта отыра, өзінің кино әлемінен де алыс емес екендігін аңғарта білді. Өзгенің жат өнерін өзеуреп, «Голливудқа еліктемендер» деген сынды құлаққағысын келешек өнер мамандарына баса айтты. Ал, III орын «кинотану» бөлімінің II курс студенті Н. Абдуллаеваға бұйырды. Оның тақырыбы Шәкен Аймановтың фильмдеріндегі әйелдер бейнесі жайлы еді. Студент аталмыш тақырыпты қозғай отыра, қазіргі қоғамдағы қыздардың, әйелдердің, аналардың заман ағымына қарай өзгеріске ұнырап жатқан тұстарын сынға ала отырып, одан арылу жолын карастырған. Ұлы тұлғаларымыздың өнерін насихаттау мақсатында жүргізілетін мұндай іс-шаралар әлбетте, университет студенттері үшін қажет-ақ!

Балжан Бекмағамбет

12.02. ҚР ұлттық академиялық кітапханасында сахна саңлағы, теңдесіз талант иесі Сәбира Майқанованың 100 жылдық мерейтойына арналған еске алу кеші өтті. Кеш қонақтары актриса ғұмырының күрделі де қиын, қызықты да мағыналы сәттерінен сыр шертіп, есте қалар естеліктерін ортаға салды.

19.02. ҚазҰӨУ-нің Ф.Шопен атындағы кіші залында қазақ кино өнерінде ұлттық режиссураның негізін қалаушылардың бірі Мәжит Бегалиннің інісі Қасым Бегалинмен студенттер арасында кездесу өтті. Қ.Бегалин театр, кино саласында еңбек еткен қайраткерлердің шығармашылық жолынан, өмір өткелдерінен сыр шертті.

21.02. Ғ. Мүсірепов атындағы жасөспірімдер мен балалар театрында ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық театр фестивалдерінің екі мәрте лауреаты, «Алтын қанатты адам» сыйлығының иегері, режиссер Балтабай Сейітмамытұлының «Мен, ұмытылмаймын!» лирикалық драмасының алғашқы қойылымы өтті. Қойылым ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтің өмірінен сыр шертеді.

28.02. «Астана Операның» камералық зал сахнасында «XX ғасырдағы композиторлардың музыкасы» атты концерт өтті. Кеште өткен ғасырдың америкалық, батыс және кеңес композиторларының үздік шығармалары орындалды. Көрнекті композитор Энио Морриконең туындылары, сонымен қатар бүгінде көпшілік үшін ұмыт болған «Миссия» кинофильміндегі «Гобой Габриэльдің» сазды әуені шырқалады. Бұл кинематографиялық шығармаға жазылған музыканың тағдыры ерекше, себебі күні бүгінге дейін ол танымал әрі сүйікті әндердің біріне айналып, өз өміршеңдігін көрсетіп келеді.



# МӘДЕНИ ЖАҢАЛЫҚТАР

11.03. Биылғы жылы Қазақстан бойынша өткізілетін «Бір ел - бір кітап» акциясы аясында белгілі қаламгер Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі», «Басында Үшқаранын» атты шығармалары таңдалынып алынды. Осы орайда ҚР ұлттық академиялық кітапханасында Сайын Мұратбеков шығармашылығына арналған жиын ұйымдастырылды. Сыршыл жазушының шыншыл замандастары Мұратбековтің мол мұрасынан сыр ақтарып, әсерлі әңгімелерімен бөлісті.

12.03-13.03. Қаллибек Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық академиялық драма театрында Француз драматургі Жан Ануйдың «Жалын жұтқан Жанна Д'Арк» атты пьесасын режиссер, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Әлімбек Оразбеков сахналады. Қойылымдағы бас кейіпкер Жанна образын Қаллеки театрының белді артисттері Айнұр Бермұхамбетова мен Сая Токманғалиевалар кескіндеді.

13.03-19.03. Астана қаласының Жастар театры Сая Қасымбектің «Наурыз ару» атты ертегісінің премьерасын өткізді. Қойылымның қоюшы режиссері - Бекболат Құрманғожаев, ал суретшісі - Дана Ермекбаева.

Танымал қазақстандық кинорежиссер Ермек Тұрсынов «Кемпір» атты жаңа картинасының түсіру жұмыстарын аяқтады. Аталмыш туынды Наурыз мерекесіне тарту болып табылады. Басты рөлдерді Қазақстанның еңбек сіңірген әртістері Қадырбек Демесін және Ғазиза Әбдінабиева сомдаған.

## Жүздесу

Еуразия ұлттық университетінің «филология» және «журналистика» бөлімдерінің студенттері жазушы, драматург Төлен Әбдікпен кездесу ұйымдастырған болатын. «Жас азамат» атты интеллектуалдық клуб мүшелері сол оқу орнының студенттері. Бұл кездесуді өте мағыналы, қызықты өтті десем артық айтпағаным. Жүргізуші жігіттердің еркін сөйлеп, орынды сұрақ қоя білуімен қатар көрермен қонақтардың мәдениеті жоғары болды. Үйреншікті, қайталама сауалдардың орнына жастарды мазалайтын, ой салатын, жазушы шығармашылығына байланысты көптен бері көкейімізде жүрген сұрақтарға жауап алдық. Адами, рухани және саналы түрде өсіп-өркендеу, әдеби шығармалардағы жағымды - жағымсыз кейіпкерлер образы, жазушыға деген құрмет сынды мәселелермен қатар қазақ жастарын алаңдатып жүрген ұлттық, рухани дүниелер төңірегінде ашық әңгіме жүргенін жасыра алмаймыз.

Драматург жазушылық мәдениеті жайлы да сөз етті. Т.Әбдіктің шығармаларын оқып, таныс болғандар өз сауалдарын да жолдады. Біздің топтың мүшелері де одан тыс қалмады. Драматургияға қалай қадам басқандығы, «Оң қол», «Бас сүйек», «Жат перзент» т.б. әңгімелерінің шығу тарихына талдық. Бір қызығы, қаламгер көбінше өзі көрген немесе өмірде орын алған дүниелерді қағаз бетіне түсірген. Бұл оның шығармаларының оқылуына себепкер. «Парасат майданы» туындысы да бұл жолы назардан тыс қалмады. Адамзаттың бойындағы екі түрлі қасиеттердің көрінісі суреттелетін туындының мән - мағынасын зерттеп, тереңіне бойлағандар аз болмады. Жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық, өтірік пен шындық сияқты бір - біріне қарама-қарсы дүниелер көпшілік талқысына салынды. Жазушы шығармашылығындағы тағы бір ерекшелік - оның кейіпкерлерінің ішкі сезім иірімдеріне, психологиялық жан әлеміне көңіл бөлуі. Ішкі монологтар, уайым - қайғысын жазу арқылы кейіпкердің жан дүниесіне бойлауымызға жол салады.

Қорыта айтқанда, бұл кездесу бізге біраз дүниелерді үйретіп, болашақ өмірімізде ескеретін, рухани азығымызға айналар жайларды көрсетті. Осы кешке барғанымыздың берер пайдасы мол екенін түсіндік. «Ес-аймақ» атты студенттердің мәдени-танымдық пікір талас бірлестігінің кезекті кешіне Еуразия ұлттық университетінің студенттерін қонаққа шақырдық. Бұл барлығымызға тек жақсылық қана беріп қоймай, ой - санамызды өрлетуге, дүниетанымызды кеңейтуге өз септігін тигізері айқын.



«Тұғырлы тұлғалар» айдарын әзірлегендер:  
Гүлім Көпбайқызы, Қуат Ежембек

## АҚТАҢҒЕР АКТЕР

*P.S: Ұлы той! Ұлы мереке! Ұлы шаттық!*

Осылай деп, ұрандату кешегі өмірден өткен күллі бабалар ұрпағына бүгінде жарасады. Расымен де биылғы жыл мәдени жаңалықтарға толы. Өйткені Алаш елінің алдында абыроймен еңбек етіп, театр мен кино саласына сансыз терін төккен үш бірдей заңғар тұлғаларымыздың мерейтойы. Атап айтсақ, қазақ өнеріне өлшеусіз қызмет еткен, жетімдіктің жетегіне ерте іліккен қайталанбас біртуар ақтаңгер актер Қапан Бадыровқа 110 жыл, сондай – ақ, тағдырдың тауқыметі мен машақатын молынан тартқан қазақ өнерінің ақ желкені - Сәбира Майқановаға 100 жыл, сонымен қатар тек сахнада ғана емес, өмірде де сері атанған ұлы артист һәм режиссер ұлт мақтанышы - Шәкен Аймановқа 100 жыл толып отыр. Журналымыздың осы санын аталмыш тарландарға арнаймыз. Олай болса майталмандардың көзін көрген өнер саласында өзіндік дара орыны бар тұлғалардың естеліктерін назарларыңызға ұсынамыз.

Үш алыптың ішіндегі ең қарт актер Қапан Бадыров 1904 жылы Қарағанды облысы Қарабалық ауданында дүниеге келген. Оның өнерге деген сүйіспеншілігі сонау балғын бала дәурендерінен - ақ басталған. Балаң кездегі арманы жылдар өте іс жүзіне асып орындалады. Ол кәсіби қазақ театрының қалыптасуына, және де дамуына үлкен септігін тигізген сахна саңлағы. Ардагер актер жайында театр сыншысы, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор Әшірбек Сығай еңбектерінің бірінде былай деп толғанысын білдіреді:

«Иә, театр! Театр туралы ой! Соның ішінде өнерпаз туралы толғау! Өнер адамы туралы сөйлеу, өнер адамының реніші мен қызығы мол өмір жолын айтып беру немесе өнер адамының шығармапылық жолына талдау жасау - қиынның қиыны. Қаншалықты көкірегіңде сайрап тұрғанымен, сол көңілдегі көрікті ой ауыздан шыға бере берекесі қашады. Бұл - тіпті де айтушының немесе жазушының кінәсінен емес, тек жүрекпен ғана түсініп, сананың сарабына салар ауқымы кең, алымды биік өнерді әлдекімге айтып беруден гөрі әркімнің ішінен сезініп, оңаша талқылар ләззатының молдығынан шығар, бәлкім. Ғасырлар бойы адам жанын жадыратып, рухани түлетіп отырған өскелең өнер мен сол өнер иесі жайлы қаншама айттық, жеріпе жеткізе жаздық дегенмен бұл салада әлі де болса ақтаңдақтар көп...

Алпыс жылдан астам өмірін сахнаға арнаған тарлан актердің өзі жасап шыққан екі жүзге таяу рольдері, оннан аса түскен кинофильмдері алуан - алуан актерлік кұпияларға толы. Екі мәрте Еңбек Қызыл Ту орденінің және «Халықтар Достығы» орденінің иесі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның халық артисі Қапан Бадыров төл театр өнеріміздің жасы жағынан да, жолы жағынан да ең үлкен ақсақалы. Әйтсе де актер қол қусырып қарап отырған жоқ. Жаңа ойлар, жаңа мақсаттар, жаңа рольдер, жаңа еңбектер... жаңа белестерге шақырады. Өзі жайлы, театр жайлы көп жылғы сырларын жинақтап «Өткендер мен өткелдер» «Естен кетпес есімдер» деген кітаптар жазып шығарған Қапекен ұлттық театрымыздың тарихына тағы да бір жаңа бет қосты. Атадан балаға мирас болып қалар кітап қандай құнды болса, Қапан Бадыров өнері де сахна сүйетін қауымға мәңгілік шежіре, таусылмас аңыз болып қалары сөзсіз».







## САРА ЖОЛ САЛҒАН - СӘБИРА



*Шын мәнінде теңдесіз талант иесі КСРО және Қазақстанның халық артисі Сәбира Майқанованың өнердегі салып кеткен сара жолы барлық адамзат баласына даусыз үлгі. Салиқалы сахнагердің ізбасарлары һәм ел ардақтылары актриса төңірегінде топтасқан бірер сырларымен бөліскен еді.*

**Асанәлі Әшімов, КСРО және Қазақстанның халық артисі, профессор**

- Қайран Сәкеннің қапысыз көңілі - ай! Қайда жолымыз түспесін, әзіл әңгімесін, күлдіргі сөздерін қайталаудан жалықпайтын. Қайталау емес, әр айтқанда түрлендірін, кісі жалықтырмайтындай жеткізеді ғой. Ұлылықтың бастау алар жері қарапайымдылық десек, Сәбира актрисаның өнері де өмірінің өзіндей. Жай әңгімесінің, қарапайым қимыл әрекетінің өзі тұнып тұрған өнеге болатын. Өнерде ғана емес, әрде де шешен болған Сәкен мына заманға жеткенде қандай бағытта, қандай күйде болар еді деп те ойлаймын. Орысшаға шорқақ болғанымен, табиғи зерде мен ұлттық сананы сабақтастырып жіберетін логикасы, қиыннан қиыстыруы керемет-тін. Бір жолы шығармашылық саладағы бастауыш партия ұйымының басшыларын Қонаев қабылдаған ғой. Әр хатшыға 15 минут сөйлеу тиесілі екен. Сәкен 15 минут деген бұйым болып па, ол кісінің ең қысқа сөзінің өзі 45 минутпен шектелетін. Өз орталарымыздағы отырыстарда тост айтпастан бұрын «Ал, сендер тамақ алып отыра беріңдер, менің біраз сөйлеуіме тура келіп тұр» - деп ескертіп қоятын. Мен де: «Ал, енді Құдайберген сияқтыларын ұйықтай беріңдер» деп қалжындайтынмын. Сонымен, сол биік кабинеттегі жауапты жиналыста ол кісі өзінің үйреншікті баяғы мәнеріне салып, біраз көсілген ғой. Сәкен 20 минут сөйлеген соң жиналыс төрағасы тоқтатпақ болғанда, Димекен сөзін бөлдірмеді. Соңынан сөз алған Қонаев Сәкеннің сөзінен бірнеше мәрте мысал келтіріп ұзақ - ұзақ толғапты.

**Рахиялам Машурова, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі**

- Табиғат берген дархан дарын иесінің адамдармен қоян - қолтық араласып кетуі, сенімен танымаса да жеріңнен білетіндей ақтарылуы аузын ашса көмейі көрінетін жомарттығы, адамға жұғымдылығы, едге қайырымдылығы, баласындай бауырына басып, шәкіртіндей баулып, елпең қағып, елпілдеп, тей бір қиналып қапалансаң, қол ұшын беруге асығатын қағілездігін көргенде мен ғаламат таң қалушы ем...

**Әшірбек Сығай, театр сыншысы, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері**

- Сәбира Майқанова есімін естігенде, жас ұрпақ үшін халқының тағдырын, тауқыметін бір адамдай арқалаған, күйзелісі мен күйінішін өз басынан өткерген, сезіну, түйсіну арқылы соны адамзат санасына жетесіне, жан дүниесіне рухани болмысымен, артистік жолының өзіндік машақатымен жеткізе білген киелі өнер деп аталатын қара шаңырақтың қайратты қызы екенін танып - білуіміз керек. Сондықтан да Сәбира Майқанованың биылғы 100 жылдық мерейтойы дүркіреп өтуі тиіс. Осыған орай, республика, облыс, аудан, қала көлемінде, мектеп оқушылары мен студенттер арасында Сәбира салып кеткен көркемсөз дәстүрлерінен байқау өткізуге болады. Олай дейтініміз, Сәбира апамыз ойнаған әрбір рөлде ұрпақ санасына жететіндей қазақтың небір нәрлі, нақышты сөздері жатыр. Осы ұлағатты мақамдарды жас ұрпақ сахна төрінде әспеттеп жатса, ұлт руханиятына, тілімізге деген құрметтің бір көрінісі болар еді. Республикамыздағы мәдениет ғимараттарының біріне ұлы өнер иесінің есімін беріп жатсақ мүлдем ғажап болары сөзсіз.



## АЙМАНОВ - АЛАШ АРЫСЫ

*Өресі биік өнерпаз, КСРО және Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ұлы Шәкен Айманов жайында өнер қайраткерлерінің тұшымды ой толғауларынан...*

**Әшірбек Сығай**, театр сыншысы, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор

- Шәкеннің актерлік нұсқасы тұлғалы, іргелі, көшелі кейіпкерлерді кескіндеуге жақын. Ол - қазақ сахнасында романтикалық театр мектебін қалыптастырған актер. Ол кісінің 20 жылы М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры сахнасында өтті. Ш.Аймановпен жұптасып ойнау актер біткенге арман болғанын замандас әріптестері күні бүгінге дейін елжірей әңгімелейді. Ол сахнаға Ақан сері немесе Петруччио болып шыға келгенде, көрермендер залында дауыл тұрғандай сезім билейтін. Екі көзін сахна төріне қадалғанда бейне бір дененен жан кетіп қалғандай халге ұшырайтынсың. Репетиция кезінде қолына домбырасын алып, залдағы артқы қатарлардың біріне жайғасатын. Ал бүгінгі режиссерлер алдына отырып алып, жарық қойып, айқайлап жүреді. Ал Шәкен кербез ынылдап, сырт көзге қалғып кеткен кісідей қалың қиял құшағына бататын. Күйіп-пісу, ыбыр-жыбырмен жаны қас еді...

**Бауыржан Нөгербек**, кинотанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор

- Шәкен ағанын кинолары - ұлттық бағытта түсірілген фильмдер. Арнайы кинематографиялық білім алмаса да, осы өнерді жақсы білгендерді. Туындыларының өміршеңдігі, біріншіден киноға түскен актерлерінің жоғары деңгейдегі шеберлігінен дер едім. Сосын шын мәнінде бұл фильмдер сол кездегі идеологияға, тапсырысқа ешқандай жұмыс істеген жоқ. Негізгі себебі осы шығар. Комедия жанры болса да, басқа да қандай бір жанр болса да, ол кісі өзінің ойларын еркін айтты. Оның кез келген фильмінде еліне деген сүйіспеншілік, махаббат бар. Адамды құрметтеу, оның ішкі психологиясын ашуға ұмтылу, осының бәрі болғандықтан да режиссер фильмдері бұдан өрі де өмір сүре береді. Шәкен аға сол кезде қазақ үшін өте маңызды деген тақырыптарды көтерді. Экран арқылы ұлттық мүддені қорғау, соны дәріптеу мақсатын қойған Шәкен ағаны ұлт экологиясының жанашыры дер едім...

**Әкім Тарази**, жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор

- Шәкен Мәскеуде өте беделді еді. Ол отырған жерге Мәскеудің киногерлері де, әртістері де жинала бастайтын. Қай салаға салсаң да қас тұлпардың озып келетіні рас екен. Отырған жерін той-думалап айналдырып жіберетін. Үнемі күлдіргі әңгімелер айтып, бірге жүрген жандардың қылықтарын салып отыратын. Ол өмірде де әртіс еді. Көшеде, көлікте келе жатқанында да ойнап келе жататын.

**Асанәлі Әшімов**, актер, КСРО және Қазақстанның халық артисі, профессор

- Шәкен Айманов болмысының ерекше қырлары жетерлік еді. Лондонға барған кезінде Шәкен Отеллоның монологін қазақ тілінде оқып, ағылшынның актерлерін еріксіз таңқалдырған. Сол сапарында Шәкен қазақтың етін дайындатып, әлемнің жұлдыздарына оны қолдарымен жегізін, тағы бір тамсандырған екен. Таңғы шәйін міндетті түрде өзі демдейтін.

Мен Шәкеннің күйеу баласы болсам да, қатар құрбысы, замандасы сияқты қарым-қатынас жасайтынмын. Сондағы ойы - «өзін еркін ұстасын, қысылмасын» дегені екен ғой. Қазекем, қарап жүрген бе, егер өнерде бір биікке қолым жетсе, тіпті тәуір рөлдерге ойнайтын болып бекісем де, «Е, оның бәрі Шәкеннің арқасы ғой. Оған қатысы жоқ қаймана қазақтың бірі болса көрер едік», - дейтін күңкіл сөз алдымнан жиі кес-кестей беретін. Намысшыл басым өз еңбегіммен жеткенімнің бәрін елдің сол кісінің арқасы деп санағандарды естуге төзбей-ақ жүретінмін. Осыған дейінгі өмірімде Шәкендей тұлғаны кездестірген емеспін, кездестірмейтін де шығармын. Шәкеннен алған рухани байлығым бүкіл өмірімнің азығы болды.



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОҢЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ҚИЯЛ КӨКЖИЕГІ

11

Журналымыздың төртінші санында оқырман назарына «сценография» мамандығының III курс студенті Маңкеев Алмастың жұмыстарын ұсындық.



С.БАЛФАБАЕВ  
ФАШЫҚСЫЗ ФАСЫР



Ш.НЕРРО  
ЗОЛУШКА



Н.ГОГОЛЬ  
РЕВИЗОР



С.БАЛФАБАЕВ  
ФАШЫҚСЫЗ ФАСЫР



## ҚАЗАҚ ӨНЕРІНІҢ АҚ ЖЕЛКЕНІ

Қазіргі жас буын қатарына Сабира Майқанова кім деген сауал қойсаңыз, сөзсіз талант иесі деп жауап қатары хақ. Алайда, театр сахнасында М.Әуезовтің «Абайында» Ұлжанды, Ш.Айтматовтың «Ана-Жер-Анасында» Толғанайды, С.Мұқановтың «Шоқан Уәлихановында» Зейнепті және т.б. рөлдерді сонымен қатар кино өмірінде біршама бейнелерді кескіндегенін біреу білсе, біреу біле бермес. Қазақ театрының негізін қалаушылардың бірі болып саналатын дара өнер иесіне биыл 100 жыл толып отыр. Осыған орай еліміздің түкпір-түкпірінде игі шаралар бастау алды. Соның бірі ақпан айының 12 жұлдызында елордамыздағы Қазақ Ұлттық академиялық кітапханасындағы Сабира Майқановаға арналған «Қазақ өнерінің ақ кемесі» атты еске алу кеші. Кеш қонақтары сахна саңлағының көзін көріп, қолын ұстаған өнер иелері: театр сыншысы, профессор Әшірбек Сығай, ҚазҰӨУ «Театр, Кино және ТВ» факультетінің деканы Сәулебек Асылхан, Қазақстанның халық артисі, профессор Тілектес Мейрамов, ҚР еңбек сіңірген артист, профессор Жұмагүл Мейрамова, ҚР еңбек сіңірген артист, Майқанованың ізбасары Рымкеш Омарханова т.б. өнер майталмандары қатысып, ойларын ортаға сала отырып, қимастық сезіммен еске алды.



Сабирадай салиқалы іздемпаз жанның өнерін оның көзі тірісінде сахнадан тамашалаған Әшірбек Сығайға алғашқы сөздің кезегі тигенде: «Қазақ өнерінде үш алыпты аса ерекше атауға болады. Біріншісі - Қапан Бадыров, екіншісі - Сабира Майқанова және үшіншісі - Шәкен Айманов. Қапан Бадыров қазақ өнерінің ақ кемесі болып атанса, Сабира апамыз сол ақ кемеңнің желкені. Желкен - ол кемеге бағыт бағдар беруші, бағыттаушы. Сабира апайдың өмірі сондай ауыр болған. Жетімдікті де, қиындықты да көрген. Неге ол кісінің жаны бай десем, өмірден көрмеген тоқпағы жоқ екен ғой. Ал, тоқпақ ол тәжірибе, өмір өткелдері, бұл кісінің тарихы. Тарихы мол адам - Сабира Майқанова деп білген жөн. Сондықтан ардагер актрисаны ақ кемеден гөрі сахна өнерінің ақ желкені дегеніміз дұрыс» - дей келе, Сабира апаның өмірінде болған қиындықтарын, қайғырғанын еске алып, жастарға насихаттады.

Иә, ұлы тұлғалардың өнер жолындағы қиын сәттерін тек қасында бірге жүрген адамдарынан басқа ешкім біле бермес. Ал, өсіп келе жатқан жастарға өнерін насихаттау азаматтық борыш. Әрбір жас өз-өзін құрметтесе, халқы да оны қадірлейді. Сабира Майқанова бар өмірін сүйікті ісіне, өнерге, халқына арнады.

Кезінде Шыңғыс Айтматовтың «Ана-Жер-Ана» спектакліндегі Толғанайдың образын Сабира Майқанова жоғары деңгейде сомдағанын білеміз. Ол кісі өмірден өтсе де, аталмыш рөлді Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының саңлағы, Қазақстанның халық артисі Гүлжан Әспетованың шеберханасынан дәріс алып жатқан студенттер шама - шарқыларының келгенінше кескіндеп, жиналған көрермен көзіне жас үйіртті.

Сабира Майқанова халқының сүйіспеншілігіне бөленген, қуатты адам еді. Биік шындардан көрініп, халқы үшін еңбек етті. Елі мен өнері үшін бойындағы дарынының барын берген кесек тұлға. Сөз соңында: «Сабира Майқанова өнері ұрпақтан ұрпаққа өнеге, үлгі. Дәл сондай болмасаңыздар да, тым болмаса оның қасына жақындауды армандаңыздар. Ал, арман еш уақытта алдамайды!» - деп, Әшірбек Сығай айтқандай, расымен де оның өнегелі өнерін ұлағаттау әркімнің парызы.





## ӨНЕРДЕГІ «ПАЛУАН»

Алаштың ардақтысы, атакты актер һәм режиссер марқұм Шәкен Аймановқа

Ұлт өнерін ұлағаттап кеттің бе нақ дарыным?  
Күңкіл тартқан өсектердің итеріп сап барлығын.  
Қуат-күшін, жігерлігін және шексіз қарымың...  
Өзгелерге үлгі болып тасыған.  
Жан табылса бұл өнерде жасыған,  
Қанатынан демеп жүрер қырансың,  
Мүмкін, мүмкін сол үшінде туылғанда шығарсың.  
Мүмкін бізді сүйремең боп заңғарға,  
Жету үшін алдағы асу, тандарға,  
Үміт болып қайта келген сағымсың  
Бәлкім, тынбай мәңгілік жана білген жалынсын.

Ұзақ сонар ойға шомып кете бардым алыбым,  
Жүрегімді торлағасын ірі де, ұсақ, тары мұң.  
Жұрт қамы үшін еңбек еттің еңселі,  
Сондықтан сүйіп келед, ел сені.  
Алашымның жауқарларын жақын тұттың жаныңа,  
Сонау балғын сәттеріңнен сіңгеннен соң қаныңа.  
Салт-дәстүрге терең бойлап,  
Қай кезде де еліңді ойлап  
Ұлттық нақыш, ұлттық бояу, тәрбиелі санаңмен,  
Ойламай қарын пайдасын,  
Қазақы өмір айнасын,  
Туындыңмен көрсетіп, теңестің бар ғаламмен...

Төбемізде әуен болып қалықтар,  
Қайран ерім енді өзіндей келеді ме альптар?  
Жүзіңнен нұр шашылатын  
Көрсем деп соны асығатын,  
Байтақ біздің жерімізде саған таныс халық бар.

Қазақтың мұң-зарымен ғұмыр кештің  
және соны сезіндің,  
Елім деумен еңіредің, сол үшін де езілдің.  
Қандай күдірет бар екен,  
Айтшы өнерпаз, өмір сүрген кезіңнің?  
Қыспағына алып қанша, қатал дәуір жатса да,  
Күңіреніп талай таңың атса да...  
Бейімбет, Сәкен, Ілиястардың...  
жете алмаған арманың,  
Үмітіңе жалғадың да, өнеріңді тек ұлтыңа арнадың.

Иә, саңлағым жүйрік оймен алдыңызға жүз барам,

Сені тағдыр қыспағына алса дағы қысталаң.  
Тек өз елім сүйсің деумен,  
Дұшпанымыз күйсіндеумен,  
Қазақы кең жүрегіңмен талай фильм халқың үшін түсірдің.  
Сан мың адам кері тартпа ниетің,  
Сөйтін желмен ұшырдың...  
Ал, бүгінгі жасты көрем білім қуған өнерде,  
Тіптен оның өнеріне зауқым соқпас көнерге.  
Шәкен, Сұлтан, Мәжиттерге ұқсасам деп ұмтылмай...  
«Голливуд» пен «болливудқа» еліктеп,  
Шет елдікке еліктеумен жалған терін төгіп кеп,  
Күн кешіп жүр қараңғы түннің бұлтындай.  
Сондықтан да қабағымды бүркеп жатыр тұман мұң,  
Сондайлардан сендей адам, шығад деуге,  
басым боп түр күмәнім...

Иә, солай биік тұлға сахнаның сарбазы,  
Саған айтып мұңдарымды сенделем.  
Саған айтып бұл дертімнен емделем,  
Нағыз рөлді сомдайтындай артист адам, кім десе...  
Кідірместен сен дер ем.

Бірақ қазір,  
«Сомдау» деген ұлы сөздің киесін,  
Ұға алмай жүр көп кісі,  
ойға алсаң өртенерсің, күйесін.  
Иә, кезінде мәні зор сөз  
адуынды алпауытқа қыйылған,  
Және нағыз образ жасар,  
тек алпамса жанның ғана маңдайына бұйырған.  
Ал бүгінде сахнадан жылт еткенің түгелін,  
Рөлдерді сомдады деп шарқ ұрамыз  
Саналының жүдетіп рас жүрегін.  
Сөйтін қанша тарландарым қағылып жүр сыйынан,  
Бұл ірі сөз майдаларға әлдеқашан болу керек тыйылған.

Осы жайтты ойға алып мұңға баттым алуан,  
Күйімізді сезіңсен деп, тау ұлан.  
Ұлттық өнер дамуына немқұрайлы қарайтұғын жандарға,  
Сендік тәлім қажет боп түр, өнердегі «Палуан».

Кенжетайдың кесек ұлы едің пенде сәні кең,  
Бүкіл саңлақ жабылса да, болу қиын бір Шәкен!!!





**Жанат Жайлыбай**

Алаш арысы, қоғам қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы Мағжан Жұмабаевтің 120 жылдық мерейтойына арнаймын.

(әңгіме)

## ЖАСЫН

Уфа қаласы. Айнала меніреу тыныштық күйін тербетіп отырғандай. Өкпек жел мен сансыз сағымдар арасында бұлаңдаған сары күшік әрі-бері ойнақтайды.. Әлде біреумен ойнап жүр ме? Иә, солай сияқты. Бұлттай аппақ көйлек киген, сыртынан қоңыр жейде жамылған, өң-сипаты келіскен, шашы үрпиген болса да бұйра секілді. Медіресе алдындағы бұл жігіт әлгі күшікпен ойнақтап жүр, сірге жияр емес-ті. Екеуі дос сияқтанады. Ойындарының қызған шағы, арғы беттен қара пальто киген, сұңғақ бойлы, қара шляпалы, мұртты жігіт қолын бұлғап: «Мағжан! Мағжан...» - деп, ойынға қызу берілген жігітті алаңдата бере ме қалай? Иә, бұл бұйра шашты жігіт Мағжанның өзі еді. Мағжан байыппен бұрыла, қара пальтолы жігітті көріп жүзінен қуаныш ұялады. «Француз?» деп таң қалған Мағжан аптап үнсіз қалып: - Қайдан жүрсің, жарығым-ау? Кіммен жүрсің? - дегендей сансыз сағыныш сұрақтарын жаудырып жатыр, тоқтар емес. Француз Мағжанның бала күндік досы. Аналары басқа, ұлттары өзге, салты бөлек болғанмен жандары бір бұлардың. Мағжанның ақылшысы да, қорғаушысы да, күзетші осы Француз секілденеді. Ақылы озық, санасы жетік тума зерек дерсіз Французаны. Дегенмен ол қарапайым. Ұшқыр ойларын Мағжанға ғана керсетумен әуре.

- Мағжан, досыңды бір қыдыртуға қалайсың? Сен енді «городскойсың ғой». Мырс етін күлді.

- Қыдыртамын ғой, қарсылығым да жоқ. Бір-а..а..ақ...

- Отставить, Мағжан Бекенович! Жүр серуендейік, өлде мені көргеніңе риза емессің бе? А?

- Жо-жоқ о не дегенің. Медіреседе сабағым да бар... Әй, жарайды жүр, жүрсек жүріп қайтайық.

Әңгімелері жарасымды көрінеді екеуінің. Түрлері шуақтанып, еміс-еміс есіне түспегендерді еске алып, рахаттана шат-шадыман келеді екеуі. Дегенмен көше бойы бұлардың әңгімесін екеуінен басқа жұрттың барлығы білгісі келетіндей ме, қалай өзі? Бәрі өз беттерімен жүрсе де құлақ түріп, Мағжанға сұқтана қарайтындары бірден байқалып ақ түр. Мағжан мән бермегенсиді, сонда да әлгілердің көз қарастары жүйкеге тиетіндей.

- Әй, Мағжан, мына жүрт неге алаңдаулы? Мұнысы несі? Не істегенің бар еді бұл елге?

- Істеген түгім де жоқ, достым. Өзім де таңмын.

- Мына қарастары ұнамады маған Мағжан, байқау керек, сақ жүр.

1913 жыл. «Ғалия» медіресесінің Мағжан төмәмдайтын жыл. Мағжан редакцияға кезекті өлеңін ә жатыр. Газет беттері Мағжанның өлеңдерін жиі басады, дегенмен оқырманы аз. Қала ортасынан Мағжанға үкімет бір бөлмелі пәтер берген. Топсасы тозған есік, жұтаң тартқан қабырға бұрыштарындағы ормекші торлары, үй иесінің жан арпалысын аңғартатындай. Кіре берісте Мағжанның жұмыс үстелі, үсті шашыраңқы, қағаздар, әдеби кітаптар. Ақын пәтерде тағы да жалғыз, өлең жазғысы-ақ келеді, дегенмен шабыты шалғайда. Оның бар болмысының сырын бүккен жұмбақ жанарында жан дүниесінің қиналғанын айғақтайтын мұңы бар тәрізді. Санасында сайран салып, қиялында қанат қаққан жас жүректің жан айғайын қағаз бетіне қалай түсіру сәтінде, кенеттен есік қағысы естілді. Келген Француз, көзінде белгісіз бір, адам баласына жат үрей ме әлде уайым бар секілденеді.

- Француз досым, тыныштық па?

- Тыныштық болғай дос, Өкпелей көрме, Уфаға саған паналай келген жайым бар. Ауыл-аймағымда маған қарсы реформа жүргізбекші деген сыбыстан үрейлендім дос. Арғысын сұрамағын Мағыш...

- О не дегенің бауырым, есігім саған әрдайым ашық, ұмытпағайсың.

(жалғасы келесі санда)



## КІТАПХАНА КҮНДЕЛІГІНЕН....



Кітап қашан да адамның жанына азық. Ол көп жерлерге саяхат жасап келуге мүмкіндік алып, ақыл-сананы толықтыруға кең жол ашады. Ал кітапхана болса білім нұрының баспанасы. Білім іздеген кез келген адамға ерекше қасиетті үй болып саналатыны аян. Қазақ Ұлттық Өнер университетінің студенттері өзіміздің шағын ғана кітапханамыздың кең түрде ақпарат орталығын жасап отырған мамандарға шексіз алғысымызды білдіре отырып, кітапхана жаңалықтарына қысқаша шолу жасауды жөн көрдік.

Кітапханамыз Қазақ ұлттық өнер университетінің ақпараттық және мәдени орталығы. Алты бөлімінен тұрады. Соның ішінде «оқу залы» бөлімі студенттер үшін жаңа ақпарат көзі ретінде таптырмас орын болып отыр.. Аталмыш бөлім ізденушілерге тек ғаламтор мен сирек кітаптарды ғана ұсынып қоймай, танымал өнер адамдарының мерейтойларына байланысты шағын кітап көрмесін де ұйымдастыруды мақсат тұтқан. Осыған байланысты «оқу залының» қызметкері **Салиндина Гүлнар Есімбекқызы** өз сөзінде: «Біз студенттерді қажетті кітаптармен қамтамасыз етумен қатар, кітапхананың ережелері мен қолдану тәсілін көрсетіп, жаңадан түскен кітаптарды және де мамандығына сай келетін қызықты ақпараттарды ұсынамыз. Ал мерейтойлық шағын көрмеге келер болсақ, біз алдын ала жоспар құрып, сол бойынша жұмыс атқарамыз. Осы жылы біз үшін ең маңызды мерейтой халқымыздың мақтанышы ұлы актер әрі режиссер **Шәкен Айманов** пен тамаша актриса **Сабира Майқанованың 100 жылдығы** болып отыр. **Шәкен Аймановқа арналған шағын көрме ақпанның он бесінші жұлдызынан басталып қойылды. Ал С.Майқановаға арналған кітап көрмесі наурыздың алтыншы жұлдызынан бастау алады»** деді. Әзірге «оқу залы» бөлімінің бізбен бөлісер жаңалығы осы. Алда әлі жаңа ақпараттар легін күте отыра, студенттер үшін тынбай қызмет атқаратын кітапхана қызметкерлеріне шексіз алғысымызды білдіреміз.





## НҮРКЕН - ГАМЛЕТ

Кешкі сағат 18:30. Қаллеки театрының көрермен залы лық толған. Қойылым басталды дегендей үшінші қоңырау үні естілді де, жарық сөніп, музыка ойнай жөнелді, пымылдық ашылды. Бұл ағылшын драматургі У.Шекспирдің ҚР еңбек сіңірген қайраткері Болат Ұзақов сахналаған әлемге әйгілі «Гамлет» трагедиясы болатын. Баяу ғана басып Гамлет роліндегі ҚР еңбек сіңірген қайраткері Нүркен Өтеуілов әкесінің моласына келді де, қайсібір қатып қалған дауыс ырғағына салынбай, жалған күрсініске ұрынбай, жүрек түкпірінен шыққан мұңлы даусымен: «Қайран әкем, көз алдымда бейнесі! Шын мәнінде нағыз адам еді ғой. Ондай жанды көре алмаспын енді мен!» деп, орнынан сәл көтеріле берді де көрермен қауымға көрінбестен сахнаның арғы бетіне құлап түсті. Күтпеген жағдайда беліше зақым келін, ауру азабына түскен актерді режиссер көмекшілері құлап бара жатқан жерінен қағып алып, әрі қарай сүйреп алып кетті. Сол бір сүршіген сәт, Нүркеннің жан дүниесін өртеп, санасына сан түрлі ой салып, жанын жай таптырмаған. Ол орнынан тұра алмастай күйде жатыр. Санаулы секундтардан кейін Гамлеттің сахнасы-тын. Басына өр түрлі ойлар келіп, әбден әбігерге түсті. Спектакль басталмай жатып бітірсе, келген көрермендер қалай қабылдар екен? Егер қазір сахна ашықса пластикалық қимыл қозғалысқа құрылған қойылымды қалай ойнар екенмін? Тағы осы сынды сұрақтар санасынан кетпей қойды. Осы бір қысқа ғана уақыт ішінде Нүркен өзінің бүкіл өмірі көз алдынан зымырап өтіп жатқандай сезінді. Бұл бел бейнеті қалай және қашан бастау алғаны есіне түсті. Ол кезде театрға енді ғана еті үйреніп, актерлік шеберлігі қалыптаса бастаған жастық шағы еді. Белгілі режиссер ҚР еңбек сіңірген қайраткері Нұрлан Жұманиязовтың кемеріне келтіре қойған француз комедиясының көшбасшысы Мольердің «Скапеннің айласы» комедиясында Скапен рөліп кескіндеген жас Нүркен спектакль барысында шамадан тыс биіктікке секіремін деп, бел сүйегі шытынап, денсаулығына зақым келтірін алды. Иә, ол шақтарда жастықтың қызуымен жүріп, аса мән бермеді. Міне, соның салдары қандай жағдайға әкеп соқтырды өнер адамын.

Абайға айналып трагедияңды, Сол Бозо болып комедияңды, Әбутәліп кейпіне еніп драманды да жебер жеріне жеткізіп, мейлі басты рөл, мейлі эпизодтық кейіпкер болса да есте қаларлықтай образ тудыратын талантты актер өмірде де Гамлеттің күйін кешіп, тағдыр трагедиясына тап болғаны қалай?!

Қазақ Ұлттық Өнер университетіне алғаш оқуға түскен жылдары Нүркеннің Гамлетіне жиі келетінбіз. Бір күні спектакль жүріп жатқанда, театрдың жоғарғы қабатында яғни, қылтимада (балкон) колледж бен мектептен келген жас өспірімдер өзара сыбырласып, шуылдасып, орынсыз күлкіге көтеріліп беріп, тыныштық таппай қойды. «Ішкі дыбысқа құлақ қою керек, шектен тым озбақ театр ісіне қиянат. Бұл жөніндегі істің артығына да, тыртығына да надандар күледі, зиялылар күрсінеді» деп дауысын қатты шығарып соларға бұрылды да, «Зал толы топастар күлкісінен, бір ғана орындықта отырып күрсіну бағалы» деген сөйлем аяқталғанша саусағының ұшымен көрермен тыныштығын ұстап тұрды. Өтеуіловтің бұл қасиетінен кейін залдағы сыбыр да, шуыл да тыным тапқандай өсер қалдырды. Нүркен кейіпкержанды актер, оның пластикалық әрекеттерге бейім болмысы қойылым әуенімен де астасып, үндесіп жататын. Гамлеттің әкесінің аруағын көргеннен кейінгі мінез, құбылыстарын музыкамен үйлескен қимыл қозғалыстары арқылы актер жоғарғы деңгейде жеткізе білді.

Ал бүгінгі Гамлет, өзгеше.... Жаны қиналып жатса да тұла бойындағы дертін жеңіп: «Гамлет - рухы мықты кейіпкер, оның рухы мықты, ал рух жоқ жерде ештеңе де болуы мүмкін емес» - деп, ішпей қайталап өзін өзі жеңді. Қойылым жүріп жатыр. Актерлар қызу ойын үстінде. Кенет жоғарғы сахнадан шығуға тиіс Гамлет, белі бүгіліп, еңкейіп астыңғы жақтан шыға келгенде көпшілік сахнаның көздері ойнап, тіпті корольге дейін естері шығып кете жаздады. Адам сахнада табиғи жасандылықсыз өмір сүрген кезде шынайылық пайда болады. Осылайша қайталанбас образ жасаған Нүркен өзі де өмір сүріп,







МАЗМҰНЫ

Жүрек жарды лебіздер...

4-5 бет



Мәдени жаңалықтар

6-7 бет



Тұғырлы тұлғалар

8-9-10 бет



Қиял көкжиегі

11 бет



Талантты тану

Гүлназ Салбілекова

12 бет



Өлең өрнегі

Қуат Ежембек

13 бет



Әдеби әлем

Жанат Жайлыбай

14 бет



Білім - өмір бұлағы

Нүргүл Абдуллаева

15 бет



Мирас Әбіл

Нүркен - Гамлет

16-17 бет



*Кеңес Дүйсекеев, Композитор, ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор*



Наурыз тойы қазақ халқы үшін ең үлкен тойлардың бірі. Себебі, осы наурыз айында жаңа жыл басталады. Жер жаңарады, көктем келеді. Осы себептен де мұсылмандар жылдың басын осы наурыз айына қойса керек. Көктемнің шуақты мерекесінде халқымызға амандық тілеймін. Қазақта ешқандай тілге аударылмайтын «ауызбіршілік» деген ұлы сөз бар. Елімізде осы ауызбіршілік мәңгілік болсын. Игі дәстүрді жалғастырсақ, еліміз әлі талай биіктерді бағындырады. Елбасымыз «қазақ елі», «мәңгілік ел» деген түсініктерді енгізіп жатыр. Осының бәрі менің ойымша өте терең ұғымдар. Өйткені ғасырлар бойы ата бабаларымыз осыны аңсады ғой. Мәңгі өмірі өшпейтін қазақ елі болайық! Талай қуаныштарға жетейік! Еліме бақыт, кемел келесек тілеймін! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!



*Маржан Жәкенова, «Астана Опера» әдеби-музыкалық  
департаментінің директоры*

Құрметті «Шабыт» журналының ұжымы, өнердегі әріптестер!

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз! Көктемгі күндер Сіздерге денсаулық, табыс, қуаныш алып келсін! Ойға алған барлық арман-мұраттарыңыз орындалып, үміттеріңіз ақталсын! Жерімізге құт-береке, елімізге - бірлік, татулық, ізгілік тілейміз! Ұлыс оң болып, ақ мол болсын, әрбір күніміз Наурыз күніндей шуақты болсын!



*Сұлтан Сраилов, Қ. Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ  
музыкалық драма театрының директоры*



Тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуымен бірге Наурыз мейрамы барлық қазақстандықтар үшін жалпы халықтық сүйікті мерекеге айналды. Көктемнің осы бір шағында табиғат қана түлеп қоймай, қоғамның ынтымағы мен бірлігін, бейбітшілігі мен түсіністігін нығайтатын адам даласының да жан-дүниесі жаңғыра түседі. Наурыз - бұл тек көктемнің ғана емес, бұл ең өуелі ізгілік пен жақсылықтың мейрамы. Халқымыз мол дастарқанын жайып, ақ жарқын көңілмен жүздесін, дәм татысып, өткен-кеткеннен сыр тартып, барша адам баласына жақсылық, аманшылық тілеп, жастарға ақ баталарын берген.

Қазақстандағы жүздеген ұлт пен ұлыстардың өкілдері бір-бірімен тату-тәтті, берекелі өмір сүріп жатыр. Өз Наурыздың адам баласын ізгілік пен сыйластыққа, ынтымаққа тәрбиелейтін тереңнен тартар ежелгі қасиетін біз барлық азаматтарымыздың бойына дарытуға, оны өз өміріміздің салтына айналдыруға міндеттіміз.

Театр ұжымының атынан бәріңізді көктемнің жарқын мерекесі Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Наурыз күні ойға алған барлық арман мұраттарыңыз орындалып, үміттеріңіз ақталуға жазсын!



картине «Атамекен» за счет операторской работы. Здесь камера не повествовательна, а поэтична: через природу осуществляется познание героем Баяном пространства, истории и духа другой земли, осознание родства и единения при всех национальных особенностях и различиях. Картина «Алдар косе» - это синтез, являющий единение актерской игры, четко разработанной образ легендарного казахского героя и режиссуры, которая в свою очередь являет собой субдоминантную ступень в построении образа времени в целом. Стоит отметить, что Айманов не только актер, создавший ярчайшие образы, и режиссер картин любимых всеми зрителями, он - певец своей земли. В каждой своей режиссерской работе он любуется природой родных краев, и в данном контексте мы говорим не столько о родном Баян-Ауле в фильме «В нашем районе», сколько обо всей казахской земле. А в кинокартине «Атамекен», которая на наш взгляд является одним из представителей гуманности - это любование всей землей, домом человека, будь то бескрайние степи и холодные ключи, или высокие леса и широкие пшеничные поля. Таков внутренний мир художника по имени Шакен Айманов, который наиболее полно и ёмко можно не просто рассмотреть, но и почувствовать во всех его картинах, некоторые из которых просто канули в Лету. Названия этих картин известны по статьям отечественных киноведов, однако переоценку в контексте художественного развития отечественного кинематографа они (в данном случае мы рассмотрим первую режиссерскую работу Ш. Айманова «Поэма о любви») получили слишком поздно, из-за чего доступ к ним до сих пор остается закрытым. В своей книге Ногербек Б.Р. возражает: «Мы не в праве предъявлять кинокартине (авт. «Поэма о любви») завышенные эстетические требования, обвиняя фильм в отсутствии кинематографичности».



